


## БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттары бойынша презентациямен танысқаннан кейін білім алушылардың білім деңгейін бағалау нәтижелерінің талдауы және Университеттің ТДМ саласындағы қызметін күшейтуге бағытталған білім алушылар ұсыныстарының жиынтығы

2025 жылғы 27 қарашада Стратегиялық дамыту бөлімі Университеттің Мектептеріне Біріккен ұлттар ұйымының Тұрақты даму мақсаттарына және Университеттің осы бағыттағы іс-шараларына арналған презентацияны жолдады. Презентация сондай-ақ «Platonus» ААЖ-дағы хабарландырулар модулінде жарияланды.


Материал білім алушылардың танысуы үшін әзірленді. Презентациямен танысқан соң олар ұсынылған ақпаратты меңгеру деңгейін бағалауға және Университеттің ТДМ-ға қол жеткізу жөніндегі жұмысын күшейтуге бағытталған іс-шаралар бойынша ұсыныстарды жинауға арналған қысқа тесттен өтті.

Материалмен танысу а.ж. 8 желтоқсанға дейін жүргізілді. Презентацияны зерделеу нәтижесінде 1-7 курс аралығындағы 251 білім алушы тестілеуден өтті, олардың 59%-ы (148 адам) – 1 курс білім алушылары, ал ең аз қатысушылар – 7 курс (0,4%). Сонымен қатар, жауап беру тілі бойынша: 162 жауап – орыс тілінде, 81 – қазақ тілінде, 8 – ағылшын тілінде. Бұл шетелдік білім алушылардың төмен деңгейдегі қатысуын көрсетеді.



1-сурет – Жынысы және оқитын курсы бойынша респонденттердің саны

20 сұраққа 196 адам (78%) 15 және одан да көп дұрыс жауап берді:



2-сурет – Дұрыс жауаптар саны

Тестілеу білімді ресми бағалауды көздемегенін және ұсынылған материалды меңгеру деңгейін білім алушылардың өзіндік бағалауы үшін құрал ретінде қолданылғанын атап өткен жөн.

ТДМ бойынша сұрақтар аяқталғаннан кейін «Университетке ТДМ-ға қол жеткізудегі күш-жігерін нығайту үшін тағы не ұсынар едіңіз?» деген қорытынды сұрақ қойылды. Бұл сұраққа әртүрлі жауаптар ұсынылды, атап айтқанда қазақ тілінде, ағылшын тілінде және орыс тілінде 150-ден астам жеке ұсыныстар берілді.

Білім алушылардың ұсыныстары экологиялық бастамаларды дамытуға, білім беру бағдарламаларын жетілдіруге, студенттердің волонтерлік қызметке қатысуын кеңейтуге және халықаралық ынтымақтастықты арттыруға жоғары қызығушылық бар екенін көрсетеді. Респонденттердің бір бөлігі нақты ұсыныстар бере алмады немесе Университеттің қазіргі шараларын жеткілікті деп бағалады.

Осылайша, төменде көрсетілген 8 негізгі ұсыныс бағыты айқындалды:

#### ***ТДМ-ды оқу процесіне интеграциялау***

Білім алушылар көбінде тұрақты дамуға қатысты білім беру іс-шараларын кеңейтуді ұсынады:

- барлық білім беру бағдарламаларына тұрақты даму бойынша модульдер/пәндер енгізу;
- экология, әлеуметтік жауапкершілік, тұрақты экономика тақырыптарын міндетті және элективті курстарға қосу;
- тренингтер мен қолданбалы жобаларды қамтитын тәжірибе-бағдарлы оқытуды күшейту;

- оқытушылардың біліктілігін арттыру (шетелдік тағылымдамаларды қоса алғанда).

Тенденция: ТДМ-ды оқу бағдарламаларына жүйелі түрде енгізуге сұраныс жоғары.

#### ***ТДМ бойынша ғылыми зерттеулер мен инновацияларды дамыту***

Білім алушылар келесі қажеттіліктерді атап өтеді:

- климат, экология, денсаулық, әлеуметтік даму бағыттарында зерттеулерді қолдау;
- «жасыл» технологиялар, қалдықтарды қайта өңдеу, су үнемдеу бойынша студенттік жобалар мен стартаптарды қаржыландыру;
- гранттық қолдау көрсету;
- халықаралық ғылыми-зерттеу ынтымақтастығын күшейту.

Тенденция: зерттеу инфрақұрылымына және қаржыландыруға жоғары сұраныс.

#### ***«Жасыл кампус» және экологиялық инфрақұрылым***

Ең жиі кездесетін ұсыныстар тобы:

- энергияны үнемдеу бағдарламалары (LED-жарықтандыру, автоматтандырылған басқару) және қайта қалпына келетін энергия көздерін (күн панельдері) пайдалану;
- қалдықтарды сұрыптау, бөлек жинау, қайта өңдеу;
- қағаз қолдануды азайту;
- экологиялық ыңғайлы кеңістіктерді жасау;
- ауыз суға қолжетімділік (су диспенсерлері, автоматтар);
- алаңдарды жасылдандыру.

Тенденция: кампусты практикалық түрде экологиялық етуге жоғары сұраныс.

#### ***Волонтерлік және әлеуметтік бастамалар***

Білім алушылардың ұсынғаны:

- экоклубтар мен осы бағыттағы волонтерлік қозғалыстар құру;
- акциялар ұйымдастыру: ағаш егу, тазалау, Zero Waste жобалары;
- әлеуметтік бастамаларды іске асыру: осал топтарды қолдау, денсаулық, инклюзия;
- студенттік тұрақты даму комитетін дамыту.

Тенденция: студенттердің ТДМ-ды волонтерлік арқылы жүзеге асыруға ниеті.

### ***Серіктестіктер және халықаралық ынтымақтастық***

Ұсыныстар арасында:

- үкіметтік емес ұйымдармен, үкіметтік құрылымдармен, бизнеспен белсенді ынтымақтастық;
- шетелдік университеттермен серіктестік;
- халықаралық сарапшыларды шақыру;
- экология және әлеуметтік инновациялар бойынша халықаралық бағдарламаларға қатысу.

Тенденция: жаһандық интеграция және тәжірибе алмасуға ұмтылыс.

### ***ТДМ туралы хабардарлықты арттыру***

Білім алушылар атап көрсеткен қажеттіліктер:

- ақпараттық кампаниялар және ағарту жұмыстары;
- интерактивті іс-шаралар, форумдар, дәрістер;
- ТДМ-ға арналған семинарлар;
- Университеттің жыл сайынғы ТДМ бойынша прогресі туралы есебі.

Тенденция: жүйелі коммуникация және ашықтыққа қажеттілік.

### ***Кампус жағдайын және студенттік тәжірибені жақсарту***

Кейбір ұсыныстар жалпы студенттердің әл-ауқатына қатысты:

- сау және қауіпсіз орта;
- транспортқа қолжетімділік;
- психологиялық қолдау;
- тең қарым-қатынас және дискриминацияның болмауы (әсіресе шетелдік білім алушыларға).

Тенденция: ТДМ 3, 10 және 11-ге ерекше назар – денсаулық, теңдік, тұрақты қауымдастықтар.

Сонымен қатар, жауаптардың айтарлықтай бөлігі көрсеткені:

- идеялардың болмауы («ештеңе», «ұсыныс жоқ», «бәрі жақсы»);
- Университеттің қазіргі жұмысына қанағаттанушылық;
- тақырыпты түсінбеушілік.

Бұл білім алушылар арасында ТДМ туралы хабардарлықты одан әрі дамыту қажеттігін көрсетеді.

### ***Қорытынды:***

1. Ең жиі берілген ұсыныстар: жасыл кампус, ТДМ-ды оқу процесіне интеграциялау, зерттеулерді және волонтерлікті қолдау.
2. Студенттер кешенді тәсілді күтеді: экологиялық технологиялардан бастап академиялық өзгерістерге дейін.
3. Практикалық шараларға жоғары қызығушылық: қалдықтарды қайта өңдеу, энергияны үнемдеу, су ресурстарын үнемдеу.
4. Экологиядан бөлек әлеуметтік тұрақтылыққа сұраныс байқалады: дискриминацияға қарсы шаралар, денсаулық, тең мүмкіндіктер.
5. Халықаралық ынтымақтастық пен сарапшыларды тарту туралы ұсыныстар.
6. Кейбір білім алушылар төмен белсенділігін көрсетеді, бұл ТДМ туралы хабардарлықты арттыру қажеттігін білдіреді.